



QAZAQ

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

UNIVERSITETI



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№45 (1911) 4 ЖЕЛТОҚСАН 2023 ЖЫЛ

Германияда ҚазҰУ

зерттеулері таныстырылды



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Германияның Бохум қаласында өткен «Шығыс: жаңа перспективалар мен байланыстар – Грузия, Қазақстан және Өзбекстан» тақырыбында өткен конференцияға қатысты.

Шараға Германия, Қазақстан, Өзбекстан, Грузия елдерінің ғалымдары мен ЖОО басшылары қатысып, Шығыс пен Батыстың жоғары білім мен ғылым саласындағы ха-

лықаралық ынтымақтастық бағыттарын талқылады.


Ғылыми басқосуда Бохумдағы Рур университеті Шығыс Азия халықаралық саяси экономика кафе-

драсының, ЕО мен Азияның өзара іс-қимыл орталығының профессоры Йоханна Г.Б.Руст, Рур университетінің өкілі Себастиан Берсик, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев, Илья мемлекеттік университетінің (Тбилиси, Грузия) профессоры Оливер Райснер және басқалар баяндама жасап, тәжірибелерімен бөлісті.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Бохум қаласында (Германия) өтіп жатқан «Шығыс: жаңа перспективалар және байланыстар – Грузия, Қазақстан және Өзбекстан» конференциясы аясында Еуропалық менеджмент және технологиялар мектебінің (ESMT) президенті, профессор Йорг Рохолльмен кездесті.

Еуропалық мектеппен ынтымақтастық



Кездесу барысында ҚазҰУ басшысы қатысушыларды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және университет жанындағы Farabi Business School қызметімен таныстырды. Қазіргі уақытта бизнес мектебінде 380-нен астам адам оқиды. Farabi Business School бизнес-білім беру бағдарламалары басқару саласындағы қазақстандық және әлемдік тәжірибенің интеграциясын, басқару және бизнес-консалтинг саласындағы

үздік тәжірибелер мен дайын шешімдерді ұсынады. Ректор өз сөзінде ҚазҰУ-дың Германия жоғары оқу орындарымен, институттарымен, ұйымдарымен ғылым, жоғары білім және мәдени өзара іс-қимыл саласында ғылыми-білім беру өзара іс-қимылының бай тәжірибесі бар екенін атап өтті. Сондай-ақ академиялық ұтқырлық бағдарламасы да белсенді дамып келеді.

Света ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Рур университетімен ғылыми байланыс артады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Германияға жұмыс сапары аясында Бохум қаласындағы Рур университетінің (RUB) ректоры Мартин Паульмен кездесті.

Кездесуде ҚазҰУ басшысы университеттің әлемдегі ірі жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастығына, инновациялық және білім беру жобаларын іске асыруға баса назар аударып, Бохумдағы Рур университетімен әріптестікті нығайтуға қызығушылық білдірді. Мартин Пауль мырза жауап

ретінде 1962 жылы соғыстан кейінгі Германияда құрылған бірінші университет – Бохумдағы Рур университеті туралы айтты. Университет бірінші болып ГФР-да стандартты бакалавр және магистр дәрежелерін беру тәжірибесін енгізді. ЖОО-да 42 600 студент оқиды, оның 6864-і шетелдік білім алушылар.

RUB құрылымында 21 факультет жұмыс істейді. Университет Утрехт желісі Еуропа университеттерінің қауымдастығына және Metropole Ruhr университеттік альянсына (Universitätsallianz Metropole Ruhr, UAMR) мүше.

Кездесу барысында тараптар университеттер арасындағы өзара іс-қимылды дамыту, бірлескен орталық құру мәселелерін, ғылым-білім ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Дәдебаев
дәрістері

3 >>



Ильбер ОРТАЙЛЫ:
Қазақстан –
страна Веков

4 >>



«Ақтабан
шұбырынды,
алқакөл сұлама»
ұлт тарихындағы
ең ауыр апат

5 >>

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев жұмыс сапары аясында Берлин техникалық университетінде болып, БТУ президентінің халықаралық байланыстар жөніндегі уәкілі, профессор Франк Берендтпен кездесті.

Берлин техникалық университетіндегі кездесу



Кездесу барысында ректор неміс әріптестерін ҚазҰУ тарихы және қызметімен таныстырды. Университет басшысы ҚазҰУ-дың Германия жоғары оқу орындары, институттары мен ұйымдарымен ғылыми-білім беру өзара іс-қимылының мол тәжірибесін атап өтті. Бүгінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Германияның жетекші жоғары оқу орындары және институттары арасында ынтымақтастық туралы 13 келісімге қол қойылған. Оның ішінде Макс Планк, Берлин Бойт қолданбалы ғылымдар университеті, Зиген университеті, Лейпциг университеті, Гельмут Шмидт университеті, Гамбургтегі Бундесвер университеті, Филипп атындағы Марбург университеті, Шмалькальден қолданбалы ғылымдар университеті, Кристиан Альбрехт атындағы Киль университеті және басқалар бар.

Жоғары оқу орындары арасында түрлі білім беру бағдар-

йынша бес бакалавриат студенті, 22 магистрант, 16 докторант және бір оқытушы Германия университеттеріне барып, оқу, түрлі конференцияларға қатысу және ғылыми-зерттеу тағылымдамаларын өткізу мақсатында барып қайтты. ҚР ҒЖБ «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасымен 2023/24 оқу жылында ҚазҰУ-дың екі студенті Карл фон Осецкий атындағы Олденбург университетінде және Марбург университетінде оқиды. Биыл биология және биотехнология факультетіне зерттеу жүргізу үшін Эберсвальд тұрақты даму университетінің профессоры Генрих Альф шақырылды. Неміс жоғары оқу орындарының 15 студенті ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің базасында жазғы мектепке қатысты. Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Германиядан келген екі студент білім алуда.

Келіссөздер барысында



ламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар іске асырылуда. ҚазҰУ ректоры Висмар университетімен «Қос диплом» білім беру бағдарламасын жүзеге асырып, ҚазҰУ-дың неміс жоғары оқу орындарымен Эрасмус+ және DAAD жобаларына бірлесіп қатысып отырғаны туралы баяндап берді. Сондай-ақ білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы бойынша бағдарлама сәтті жүзеге асырылуда. Соңғы екі жылда Эрасмус+ бағдарламасы бо-

ректор Жансейіт Түймебаев Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Берлин техникалық университеті арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою арқылы ынтымақтастық орнатуды ұсынды. Соңында тараптар университеттер болашақта филиал ашу туралы және пәнге бағдарланған бірлескен орталықты ашу үшін ортақ түйісу мүмкіндіктерін қарастыратынын атап өтті.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Германияда ҚазҰУ зерттеулері таныстырылды

Соңы. Басы 1-бетте

Конференцияда ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев «ҚазҰУ-дағы жоғары дәрежелі зерттеулер және Қазақстандағы мемлекеттік қаржыландыру мүмкіндіктері» тақырыбында баяндама жасады. Оқу орнының басшысы университеттің ғылыми бағыттарын дамыту және бәсекеге қабілеттілігін нығайту мақсаттарына тоқталды.

«ҚазҰУ-да қазіргі таңда 625 білім беру бағдарламасы бекітілген. Оның ішінде 120 мамандық бойынша Еуропа, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия, Ресей университеттерімен қос диплом бағдарламасы жүзеге асырылады», – дей келе, ректор бүгінгі күні университетте жалпы құны 8,1 млрд теңге болатын 400 ғылыми жоба іске асырылып жатқанын атап өтті.

«Биыл ҚазҰУ жанынан іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу мақсатында алғаш рет Ми институты құрылды. Сондай-ақ қазіргі сәтте өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру саласындағы инженерлік шешімдер орталығы салынуда. Бұған қосымша, ҚазҰУ ғалымдары жақында



Батыс Қазақстан өңірінің экологиялық-экономикалық дамуын жетілдіруге арналған 3,8 млрд теңгенің мегагрантын ұтып алды», – деді Ж.Түймебаев.

ҚазҰУ-дағы жоғары дәрежелі зерттеулер нәтижелері туралы айта келе, ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-да аз сериялы өнім шығару бойынша 10-нан астам ғылымды қажетсінетін шағын сериялы өндірістер іске қосылғанын да мысалға келтірді. Онда шунгит концентратын, полиэфирлі шайырларды, газразрядты шамдарды, дәрілік заттарды, көміртекті наноқұрылымдарды

және т.б. жасау бойынша 10-ға жуық шағын өндіріс тиімді жұмыс істейді.

ҚазҰУ ғалымдарының жоғары дәрежелі зерттеулері туралы ақпарат бере отырып, ректор Жансейіт Түймебаев шетелдік әріптестерін тығыз ынтымақтастыққа шақырды.

Конференция аясында «Шығыс пен Батысқа қадам: өзгермелі жаһандық жағдайларда өңірлер мен білім беруді біріктіру» атты панельдік пікірталастар өтіп, ғалымдар ынтымақтастықтың болашағы туралы пікір алмасты.

Гүл БАЯНДИНА

АҚШ ғалымы дәріс оқыды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Аризона университетінің жер және ғарыштық зерттеулер бөлімінің негізін қалаушы, Origins жобасының құрметті директоры, профессор Лоуренс Максвелл Краусс көшбасшылық дәріс оқыды.

Шараға университет басшылығы, білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамы және білім алушы жастар қатысты.

Тәжірибелі физик, астрофизика және космология саласындағы маман, профессор Лоуренс Максвелл Краусс 300-ден астам ғылыми жарияла-

нымдар мен бірнеше танымал кітаптың авторы. Ғалымның 1995 жылы жарық көрген «Физика звёздного пути» атты кітабының АҚШ-та 250 мыңнан астам данасы сатылып, ұлттық бестселлерге айналған.

Профессор Краусс өзінің көшбасшылық дәрісін әйгілі ғалым Альберт Эйнштейннің «Сіз бірдей көзқарас пен ойлау жүйеңізді өзгертпесеңіз, туындаған проблеманы ешқашан шеше алмайсыз» деген сөзімен бастады. Спикер қазіргі уақыттағы космологиялық дағдарыс, фундаменталды физика саласындағы жаңа көзқарас пен талдаулар, ғарыш кеңістігін зерттеу мәселелері туралы тәжірибесімен бөлісті.

Дәріс соңында қатысушылар



өздерін қызықтырған сауалдарға жауап алып, профессорға алғыс айтты.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Сексенінші жылдардың орта шенінде Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің білім алушыларына дәріс оқыған ұлағатты ұстаздарымыздың қатарында болған әдебиеттанушы ғалым, оқытушы Жанғара Дәдебаевтың да есімі шәкірттері тарапынан ілтипатпен аталады. Ұлттық университетте жарты ғасырдан астам ұстаздық етіп келе жатқан ғұмырында Жанғара Дәдебаев «Әдебиеттің предмети – адам» деген қағидатты тірек етсе, адамтанудың асқан білгірі Абайдың толық адам ілімін, кісілік кодексін де сонша уақыттан бері шәкірт санасына шегелеп келеді. Абай өлеңін түсініп, түйсінудің алғышарттарын ұғынғанмен, оның ілімінің ілкі тұстарын аңдағанымызбен, ішкі қыртыстарының сан қатпарлы бояуын, сан арналы өзегін, мың пернелі әуезі мен әуенін аңғару мен бағамдаудың, ажырату мен айқындаудың шегі жоқтай көрінеді. Соны өмір бойы іздеу мен ізденуге, ойлау мен ойлануға, зерттеу мен зерделеуге негіздеп, «ақырын жүріп, анық басып» келе жатқан ұстазымыздың еңбегі ерен. Абай ілімінің хақтық ілімімен, халықтың дәстүрлі мәдениетімен, ұлттық кодпен байланысын терең бажайлап, жүрекке жүгіну, ақыл-ой таразысына салып, безбендеу барысында байыптап, бағалау мен талдауға талпынтады.



Дәдебаевтың қаламынан туған «Абай антропологиясы» Абайдың адам туралы ілімінің нәтижелі көрсеткіші іспетті. Абайды оқып таңырқадық, ақындық сүрлеуіндегі өзгеше әлеміне тамсандық, дүниетаным диапазонының кеңістігіне таңғалудан да қалыспадық. Бәрібір абайтанудың кемшін тұсын тиянақтаудың тоқтамайтынын, таусылмайтынын сеземіз. Тәуелсіздік дәуіріндегі Абайға жаңаша көзқарас кемелденді, түрленді, жаңа биікке көтерілді. Жаңа заманмен жарыса жаңа Абай өмірге келді, абайтану да жаңғырды, жасарды, жаһанданды, ырқына көнбей, жаңа белеске беттеді, жаңашыл қырынан жарқырай көрінді. Бұл тұста абайтанушы ғалымдардың қай-қайсысының еңбегі де ескерусіз қалмақ емес, еселі еңбектерін ерекше атауға тиіспіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін», – деп атап көрсетуі Абай мұрасына әрдайым оң көзқарастың бола беретінін аңдатады. Ақыл, қайрат, жүрекке жүгіну – ақынның ой-таразысының шынайы болмысы, нақты сипаты. Ізгіліктің жаршысындай ұштағаннан бастау алатын нағыз адамның адамнанғысыз әлеуетін, болмысын, қасиетін, мінезін, келбетін, яғни алуан қырлы, шынайы, «толық адам» сипатын санамызда сәулелендірді, ойымызды қалыптастырды, жүрегімізге ұялатты. Адамтанудың Абай нұсқаған бес асыл ісі мен адамшылықтан алыстататын бес дұшпанын ғылыми негізде жүйелеп, әрқайсысын жеке-жеке мақалаға арқау етіп, ақын дүниетанымының түпсіз тұңғыш сырына қанықтырып, тереңіне үңілтеді. Толық адам болмақтың мақсатын ұқтырып, мәніне бойлатады. Мәселен, бес асылдың алғашқысы – талаптың мәні мен мағынасын – Абай ілімінің биік деңгейіне айқын мысал бола алатынына

төмендегідей тұжырым жасайды: «Ақын талаптың мағынасын, мәнін ашады; маңызын аңдатады; түрлерін

Дәдебаев дәрістері

көрсетеді; талаптанудың шарттарын анықтайды; талаптанудың мақсатын талдап, таразылап баяндайды». Адам болмысын танытатын Абайдың әр сөзінің түп-төркінін, астарын айқындап, мағынасын ашып, ұлттық дүниетаныммен қатынасын, арасалмағын парықтап, ғылыми байыптау мен бағамдауға алып келеді, өркениет көшіндегі беталысын болжайды. Абай ілімі – даналықтың шыңы, ал Дәдебаевтың монографиялық зерттеуі – Абайдың таным көкжиегінің тереңіне бойлайтын ыждағатты ізденіс, көпжылғы зерделеулердің шынайы көрінісі. Кемел ойдың сығындысы, көрікті ойдың ұшқыны, ақын кеңістігінің ұшықырсыз екенінің дәлелі. Тағы бір мысал, ақынның қанағат турасындағы үзік-үзік ойларын тілге тиек ете келе, ақын ұғымындағы бұл сөздің мағынасының біз ойлағаннан терең, біздің санамыздағы түсініктен тым алыс екенін еске алады. Көңіл тыныштығынсыз қанағат жұта тартатынын, көңіл тыныштығының бұзылмауы үшін үш нәрседен – адамның адамдығын бұзатын жамандықтан; өзін-өзі артық көрсетпектен; біреуге қастық қылмақтан – аулақ ұстаған жанның мерейі үстем, көңілі шат болмағын тұжырымдап береді.

Зерттеуші ғалым өз кезегінде: «Абай ілімінің жүйесінде қанағат – адам баласының асыл байлығы, рухани қымбат құндылығы. Қанағат адамның жанын, абыройын, адамшылығын сақтайды. Абай ілімі бойынша қанағат, ынсап – жадалеттен, жадалет – махаббаттан. Айтылған жайлар Абайдың ілімінде қанағаттың лайықты орны барын, оны басқа еш нәрсемен, ешқандай ұғыммен, қасиетпен ауыстыруға, алмастыруға болмайтынын көрсетеді. Оның мәнін білу, мәнісін ұғу Абай ілімінің жүйесін дұрыс тануға септігін тигізеді», – деп тұжырымдайды. Зерттеуші

сондай-ақ терең ой ұғымын Әл-Фарабидің «ойлау күшімен» мәндес келетініне көңіл аударады. «Салыстырып қарағанда «ойлау күшінің» де, «терең ойдың» да, «терең ойдың соңына ерудің» де түпкі мәні бірдей. Айырмашылық – мазмұнда емес, пішінде. Әл-Фарабидің ойы нақты, ал Абай ойы бейнелі, образды. Екінші жағынан, Абай өзінің ойларын өзі танып, білген өмір тәжірибесі негізінде таратады. Сөйте тұра әлемдік ақыл-ой қорында жинақталған ғылыми пікірлерден алшақ кетпейді». Абайдың терең ой турасындағы түсінігінің мәні терең екенін, кісінің «өзінде ой», «ойда көзі» болмаса, істің байыбына үңіліп, керегіне қол жеткізе алмайтынын, терең ойсыз адамшылықтың қадірін түсіну мүмкін еместігін саралай келе, ақынның «терең ойы» – адамның адамшылығының сапалық қасиеттерін білдіретін категориялардың қатарына жататынын айқындап береді.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтың кісі бойындағы кемшіліктердің ең сорақысы, нағыз өзі екенін ақын айқын аңғартады. Жанғара Дәдебаев осы «бес дұшпанның» әрқайсысына арнайы тоқталып, жеке-жеке талдап, ақын сөзінің себебіне үңіліп, өзге өлеңдерінде, поэмаларында, қарасөздеріндегі қолданысын саралап, жүйелеп, аражігін тексеріп, өзара сабақтасып жатқан ұғымдардың сырына қанықтырады, маңызын ажыратып береді. Бір ғана мақтаншақ ұғымынан туындайтын сан-салалы мағынасының әрқайсысына арнайы тоқталып, айырмасын айқындап, бірін-бірі толықтырып, тұтасатын тұсын аңғарып, бірде өлеңдерінен, бірде «Ескендір» поэмасынан, келесі кезекте аудармаларынан дәлел-дәйек ұсынып, мақтаушының, мақтанушының, мақтаншақтың

аражігін ажыратып, ақын қолданған әр алуан сипатының сырына қанықтырып, маңыздылығын тұжырымдап береді. Абай ілімінің өміршең принциптеріне негізделген Дәдебаев дәрістері де өзекті.

Абайтану жеке пән, ғылым саласы ретінде жолға қойылуына қадау-қадау еңбек сіңірген зиялыларымызды, ағартушыларымызды, ғалымдарымызды білеміз. Олардың әрқайсысының осы саладағы қосқан үлесі қомақты. Абай мұхитын толықтыруға қалқадерінше еңбек етті. Осы тұрғыдан келгенде Дәдебаевтың дананың дегдар дидарын, азаматтық-қайраткерлік келбетін, ақындық әлемін танытуға келгенде ақын танымындағы адам өмірінің мәні мен маңызы, жұмбақ сыры мен ішкі «мені», қоғамдағы орны мен қоршаған ортаны қабылдауы, адамшылық қасиеттерді тану мен түйсінуі жан-жақты сараланады, ақын көзқарасындағы адамзаттың ортақ мүдделері мен мүмкіндіктері жүйеленеді.

Рухани уызбен аяқтанған бала Абайдың дана Абайға жету жолындағы ізденістеріне ішкі қуат-тегеуріннің мықтылығы, адами құндылықтарға суарылған рухани әлемінің тазалығы, ар-ұждан, ынсап, қанағат қағидаттарын үнемі қаперінде ұстайтын имандылығы, сүйер елінің «сүйінерге жарар» ұлы болуды ойлаған мақсаткерлігі де сеп болғаны анық. Мұратына адалдықтан туған асыл ойдың нәтижесі екені де айқын.

Зейіні зерек, ой-тағылымы ерек, қабылдауы бөлек Абайдың білімсіздермен ғана егеспей, өмірге құштар, білімге іңкәр замандастарының бойынан, ойынан байқаған адами қасиеттердің қадірін бағалады, құндылығын бағамдады, артықшылығын байқады. Шығармашылық ғұмырында осы байқағыштық пен кісі танушылық, жаны ашығыштық пен ұлтына

деген сүйіспеншілік үнемі аңғарылады.

Абайтанушы ғалым осының бәрі ақын танымында қалайша зерделенетіні, ақын көзқарасында қайтіп көрініс табатыны, ақын жүрегінің сүзгінен қалай өткізілетіні жөнінде тұшымды дәлелдермен тиянақтап, Абай ілімінің адамзат игілігіне айналу үдерісін айқындайды. Абай биігінің аласармас құндылықтарына зер салады. Абай мұхитының әрбір адам баласына тигізер орасан пайдасын таразылайды.

Абай шығармашылығының ауқымы кең, толғанған тақырыбы да сан тарау болғанымен, қай туындысы болсын өзегінде – адам, оның өмірінің мәні, тіршілігіндегі адамдық қасиет, құндылықтарға арақатынасы, рухани адамгершілік әлемі мен мұндағалыды. Адам әлемінің таңғажайып болмысы мен жұмбақ сыры, өмірге көзқарасының сан қырлылығы мен алуан түрлілігі, нағыз адам туралы аңыздан ақиқатқа жетудің амал-тәсілдері, ғұлама-лардың кемел адам концепциясына қосқан данышпандық ойлары мен тұжырымдары Абайды айналып өтпегені анық. Ғұламаһи Дауаниден Дреперге дейінгі аралықта айтылған пәлсапалық ой-тұжырымдарды ой елегінен өткізіп, елеп-екшеп, жүрек сүзгісінен өткізіп, өзіндік пікірге келеді, «толық адам» концепциясының алғышарттарын жүйелеп, тұжырымдарына тірек етеді.

Ақыл-ойдың алыбы Фарабиден, даналықтың кені Жүсіп Баласағұннан бастау алатын кемел адам тұғырнамасының өмірін ұзартып, өміршеңдігіне кепіл бола алған Абай тұжырымдамасының рухани өмірімізге азық болып келе жатқаны жанымызға жылылық ұялатады. Өткеннен тағылым алып, даналықтың мәйегін саралап, халық мәдениетінің қазынасынан мейірі қанып өскен ақынның ойлары өрнекті, пікірлері келелі, ұстанымдары ұғынықты болуы да заңдылық.

Абай жолы даңғылға ұласып, Абай мектебі өрісін кеңейтті. Абай әлемі кеңістігін ұзартты. Ал Абай ілімі адамзатты ізгілікке үндесе, қоғамды кемелдендіруге қызмет етсе, еліміздің болашағын баянды етуге ықпал етсе, ақын арманының жүзеге асқаны, ұлт болашағының жарқын болатынына сеніміміздің ұлғайғаны.

Айналасына ілім нұрын сепкен данышпан Абайдың түпсіз тереңге жетелейтін білімпаздығын, ақыл-ойын адамзатты ізгілікке, қоғамды ізгілендіруге жұмсаған көрегендігін, парасат-пайымын «толық адам» концепциясын жүйелеуге бағыттаған данышпандығын Абай ілімі теориясымен, формуласымен түсіндіріп, өзара қабысып жатқанын дәлелдеген Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, абайтанушы ғалым Жанғара Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» еңбегі адамзатты Абай жолымен жүруге, қоғамды Абай ілімімен сусындауға шақырып тұр. Лайым солай болғай!

Профессор Ильбер ОРТАЙЛЫ:

Казахстан – страна веков

Известный турецкий историк Ильбер Ортаилы родился в 1947 году в лагере беженцев в Австрии, с двухлетнего возраста живёт в Турции. Окончил Анкарский университет, стажировался в Чикагском университете. С 1978 года после защиты диссертации, преподавал в Школе политических исследований Анкарского университета. В 1982 году подал в отставку в знак протеста против новой государственной образовательной политики, работал в разных странах. В 1989 году профессор вернулся в Анкарский университет. В 2005-2012 годах занимал должность директора Музея Топкапы в Стамбуле. Автор целого ряда книг по истории Османской империи.

Профессор Ильбер Ортаилы на днях посетил КазНУ, прочел в лидерскую лекцию «100-летие Турецкой Республики. Взгляд на будущее тюркского мира». Во время визита известного ученого в университет состоялась встреча профессора с Председателем Правления – Ректором КазНУ имени Аль-Фараби Жансеитом Түймебаевым, в ходе которой стороны обсудили важные вопросы сотрудничества в области науки и высшего образования. Ректор рассказал почетному гостю о том, что КазНУ имени Аль-Фараби сотрудничает с 45-ю высшими учебными заведениями Турции. За 2019-2023 гг. 278 обучающихся бакалавриата, магистратуры и докторантуры выезжали в турецкие вузы для обучения, прохождения научных и языковых стажировок, участия в конференциях и проведения исследовательских работ. По инициативе ректора КазНУ в 2022 году около 50 представителей профессорско-преподавательского состава и молодых ученых КазНУ посетили вузы Турции для обмена опытом с зарубежными коллегами. В рамках официального визита Президента Казахстана в Турцию в 2022 году был открыт филиал Казахского национального университета имени Аль-Фараби в г. Стамбул. В завершение встречи Жансеит Кансеитович поблагодарил гостя за визит и лекцию.

Актуальная тема «100-летие Турецкой Республики. Взгляд на будущее тюркского мира»

вызвала большой интерес, побрав в конференц-зале представителей руководства, профессорско-преподавательского состава, ученых и обучающихся университета. Ректор КазНУ Жансеит Түймебаев перед тем, как представить аудиторию спикера, поздравил профессора Ильбера Ортаилы и народ Турецкой Республики со 100-летним юбилеем Независимости. Подчеркнув заслуги известного ученого, политолога и писателя, кавалера ордена искусств и литературы, обладателя Гран-при президента Турции в области культуры и искусства, медали Пушкина и премии Лацио, руководитель университета торжественно вручил г-ну Ортаилы диплом о присвоении звания почетного профессора КазНУ имени Аль-Фараби.

В лидерской лекции турецкий профессор отметил важность углубления культурных связей между тюркскими народами и сотрудничества в процессе укрепления интеграции. «Понятие государства очень важно для каждой нации. Возрождение университета происходит в результате государственной поддержки, – подчеркнул лектор. – Это, в свою очередь, одна из основных систем укрепления связей между турецкими государствами. При этом необходимо наращивать культурное сотрудничество между государствами. Изучение научных трудов средневековых ученых, общих для двух государств, будет способствовать

усилению культурного сотрудничества». Подчеркивая преимущества и недостатки, вытекающие из географических и человеческих особенностей турецкого мира, спикер также затронул вопрос об интеллектуалах, выросших в турецком мире. Он отметил, что письменная история тюрков началась задолго до многих западных цивилизаций и что эта ситуация сыграла важную роль в появлении тюрков на исторической сцене.

Так же спикер отметил, что нет сомнения в том, что Казахстан – это цивилизация, рожденная в степи, это страна, переживающая перемены, хотя и сохранившая черты и стиль кочевничества. Как и у всех меняющихся народов, здесь можно увидеть элегантность и несовместимость, гениальность и наивность. Казахстан – страна веков и это место, имя в истории навечно останется. До начала существования Советского Союза Казахстан был самым кочевым народом в Центральной Азии и имел все признаки племени верховых кочевников. С индустриализацией России и внедрением советской техники и сельского хозяйства в Казахстан пришло и русское население. Кочевникам нелегко осваиваться на земле. Они сталкиваются с борьбой обычаев, расшатывается структура семьи. Но казахи сумели сохранить свои классические семейные узы. Меняется обстановка в стране, появляются даже неожиданные болезни. Если капитализм и управленческая дисциплина нового времени смогут в какой-то мере изменить ситуацию, тем лучше, но казахи – народ стойкий, серьезный, по всем признакам.

«Поэтому следует отметить, что тюркские народы отличались от современных им народов по организации, имея большие табуны лошадей и навыки воина. В XI в. мы завоевали Иран, в XV в. уже были в Боснии. Наше развитие до X в. было более стремительным. Мы продолжаем недопонимать



некоторые вещи в нашей истории. Например, письменность тюрков – это Орхон, который был построен в VIII веке. Это ложь, в VI веке посланник императора Юстиниана Замангос из Кляика отправился к Бумин-хану, и когда он разговаривал с Бумин-ханом, они пользовались письмом Гёктюрк. В VI веке вместе с посланником Гёктюрка Соркутлу вернулся человек по имени Таджик Маньяк, фамилия которого была Маньяк. То есть из последних раскопок видно, что русский Дмитрий Васильев есть наш, из здешних тюрков, то есть история письменности тюрков уходит в глубокую древность. Чем больше мы проводим археологических раскопок, тем древнее становятся наши поселения. Например древнегреческий, латынь, санскрит, древнеиранские языки по сравнению с нашим не очень древние, у тюрков была общая письменность, которая насчитывает несколько веков старше, чем многие современные языки, поэтому, зная эти факты, мы должны об этом твердо говорить. В турецкой географии есть несколько элементов. Во-первых, хорошо уживаются с иностранными языками. Это обычай, который идет от нашего кочевничества. Для нас, кочевников, для организованных кочевых народов другие языки – чужие, но не вредные. Это очень важно. Народы, расселившиеся в средние века, всегда считали своих соседей вредными, варварами, что они им несут вред.

Места, где за очень долгую историю побывали тюркские государства, хорошо известны, и я хотел бы откровенно

сказать, что в этих известных местах создавались великие государства. Самый спокойный период на Ближнем Востоке – это период Османской империи. Она создала огромную страну в 1517 году и вынуждена была расформировать в 1917 году. На протяжении IV веков арабский мир Ближнего Востока был самым спокойным и мирным периодом. Во-первых, жители тюркских племен говорили на незнакомом им языке, дети не могут выучить его на улице, это раз. Во-вторых, важнейшей особенностью тюркских языков является произношение. Нет никакой разницы, кто говорит: казах, азербайджанец, уйгур, дальневосточные тюрки или крымские татары. Когда общаются на иностранных языках они говорят чисто, правильно применяют слова с замечательным «произношением». Например нынешние казахи говорят по-русски лучше, чем сами русские. То есть, где я слышу чистый русский язык в России, это в церкви. В церквях священники говорят на хорошем русском языке, и такой же лексикон я слышу в университете, в министерстве иностранных дел, в театрах, в поэтических выступлениях и так далее. А вот в Казахстане все говорят по-русски правильно. То же самое происходит и с турками. Турки прекрасно учат русский, китайский, французский языки и грамотно общаются на них», завершил свое выступление почетный профессор Ильбер Ортаилы и поблагодарил слушателей, руководство университета за теплый прием.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

В связи с повышенной заболеваемостью корью в республике, для стабилизации ситуации планируется провести Дни массовой иммунизации. Следовательно, мы должны ожидать, что после введения вакцины против кори, краснухи, паротита может возникнуть неблагоприятная ситуация после иммунизации и должны быть к этому готовы. Вакцина против кори, краснухи, паротита – живая, содержит живые ослабленные вирусы кори, краснухи, паротита. Применяется для активной иммунизации против этих инфекционных заболеваний, рекомендуется к использованию в соответствии с Национальным календарем прививок.

Вакцинация против кори

Неблагоприятные реакции после вакцинации (НППИ) КПК:

- аллергические реакции немедленного типа, развивающиеся в первые часы после проведения прививки;
- реакции на живые вакцины, появляющиеся позже 4-го дня и 12-14 дней после коревой, 20-25 дней после краснушной, 30-ти дней после паротитной и комбинированных вакцин с паротитным компонентом;
- менингеальные явления, развивающиеся после проведения паротитной вакцины и на 42-й день после корь-содержащей вакцины;
- катаральный синдром, являющийся специфической реакцией на вакцину против



кори, краснухи и паротита или комбинированные вакцины, содержащие один или несколько таких компонентов, возникающие не ранее 4-го дня и не позже 12-14 дня после прививки.

Какие проявления НППИ могут быть после вакцины КПК:

- Местная реакция – боль, припухлость, гиперемия до 10%.

- Лихорадка – до 5%; нарушение общего состояния, дис-

комфорт, раздражительность, катаральные явления, сыпь, конъюнктивит, артрит и др. симптомы, свойственные кори, краснухе и паротиту – до 5%; аллергические проявления, наиболее опасным из которых является анафилактический шок.

Перечень лекарственных средств согласно Протоколу № 109 от 30.06.2020 г. Одобрено Объединенной комиссией по качеству медицинских услуг МЗ РК. Перечень ИМН согласно Стандарта организации оказания акушерско-гинекологической помощи в РК, утвержденному приказом МЗ РК от 26.08.2021 г. №КР ДСМ -92.

Акерке КУСАЙЫН,
преподаватель
Кафедра политики и
организации
здравоохранения

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғалары, себептері, салдары мен сабақтары» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Қазақ халқының тарихындағы қаралы кезеңді қамтыған бұл оқиғаға биыл – 300 жыл.

еңбегінде қалай көрінді? Алашордашыларды соттау – қазақ ұлтына жасалған қиянат. Советтің қылмысы. Алашордашылардың қылмысы дәлелденбесе де, оларды соттады. Алаштықтар – ұлттың бүтін бір буыны. Оның ішінде зиялылар да, байы да, кедейі де, жасы мен кәрісі де бар.

Алаш деген – кең ұғым. Бұл сөз «қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» деген мағынаны береді. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысына зиялы қауым өкілдері

3/2-сі қырылды, халық ретінде тарих сахнасынан түсіп қалуға шақ қалды. Ол жайлы отандық, шетелдік авторлар жазған, әлі де жазып келеді. XVIII ғасыр бойынша ұлттық тарихнамамыздың басы әрі нышаны – «Елім-ай» жыры. Бұл ғасырда «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» соқпай кеткен бірде-бір хан, бірде-бір батыр, бірде-бір ақын-жырау, би-шешен жоқ. XIX ғасырда бұл тақырыпқа ғылыми тұрғыдан Ш.Уәлиханов қалам тербеді.

елдіктің, байлықтың, болашақтың негізі – жер аман қалды.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ, филология ғылымының докторы, профессор:

– Қазақ халқының мемлекет ретінде мүлдем жойылып кету қаупін тудырған, елді қан қасап қырғынға ұшыратқан «ақтабан шұбырынды» оқиғалары екі ғасыр бойында жыраулық поэзияның басты тақырыбына, алтын арқауына айналғанын екі әйгілі жыраудың шығарма-

Дегенмен де тарих ғылымы бір орында тұрған жоқ, ол үнемі теориялық, методологиялық, фактологиялық тұрғыда даму үстінде. Соған байланысты біз соңғы жылдардағы тарих ғылымындағы қол жеткізілген материалдарға сүйене отырып, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғаларына қатысты ой-пікірлеріміз бен тұжырымдарымызды оқырмандар назарына ұсынамыз. Алдымен «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атауының

«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама»

Ұлт тарихындағы ең ауыр апат

Тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасы ұйымдастырған шараға белгілі қоғамтанушы-ғалымдар, шетелдік және отандық тарихшылар, зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Конференция ашылуында тарих факультетінің деканы, тарих ғылымының докторы Досбол Байғонақов Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың жолдаған хатын оқып берді. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама – қазақ тарихындағы ең ауыр кезеңнің бірі. Тарихтың осы бір қаралы кезеңі кейінгі ұрпаққа «Елім-ай» әні арқылы жетті. Биыл осы қасіретті оқиғаға – 300 жыл. Бүгінгі конференция барысында тарихшылар мен ғалымдар тарихи оқиғаның себептері мен салдарын жаңа көзқараспен жан-жақты саралап, ғылыми тұжырымдамаларын білдіреді деп сенемін», – делінген хатта.

Ғылыми басқосуда мамандар XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ тарихының күрделі кезеңдерін зерделеу және қазақ халқының басқыншылыққа қарсы күресін зерттеу мәселелерін талқылады.

Конференция аясында «Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» атты кітаптың тұсауы кесілді. Жиын барысында «XVII-XVIII ғғ. Қазақ мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаты», «Қазақ-жоңғар қатынастары», «Қазақ қоғамындағы батырлар мен билердің рөлі» тақырыптары да қамтылды.

Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор:

– Ақын Жұбан Молдағалиев тілімен айтқанда, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының басынан өткен 5-6 зобалаңды апаттың ішіндегі ең үлкені, ең ауыры осы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарындағы соғыстар. Меніңше, бүгінгі конференция «алқакөл сұламаға» арналған алғашқы басқосу. Қазаққа қашан, қалай қауіп төнді дегенде, біз өткен күндерді, тарихты еске аламыз. Мәселен, сол заманның ақын-жыраулары «Қилы-қилы заман болар, Қарағай басын шортан шалар», – деп жырлап өтті. «Енді не болмақ?» деп күңірөнді. Осы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдары алашордашылар



ғана емес, ұлттық санасы бар, ұрпақ алдында жауапкершілікті сезінген азаматтар атсалысты. Оның ішіне барлық әлеуметтік топтың өкілдері кіреді. Алаш әскері құрылды. Сапқа қосылған жігіттер өкіметтің жарлығымен емес, азаматтық борышын өтеуге, Отанын қорғауға барды. Олар майдан даласында осы мақсат жолында құрбан болды. Құпия полиция Алаш полкінде болған азаматтарды тіркеуге алды. Кейін 1929-31 жылдары Қазақстанда Совет өкіметінің реформасына қарсы халық көтерілісі болды. Сонда Алаш әскерінің құрамында жүріп, Совет өкіметіне қарсы шыққан жігіттердің біразы ұсталды. Мысалы, Шығыс Қазақстандағы Тарбағатай ауданында Алаш әскерінің құрамында болған 110-ға жуық азамат ұсталып, сотталып, біразы ату жазасына кесілді. Біздің ұлттық мемлекеттіміз бен азаттығымыз үшін күрескен азаматтарды осындай маңызды күндері еске алып, есімдеріне құрмет көрсетуіміз парыз. Отан үшін құрбан болған бірде-бір жан ұмытылмауға тиіс.

Ханкелді ӘБЖАНОВ, ҚР ҰҒА академигі:

– XVIII ғасыр – ұлттық тарихымыздағы тағдыр анықтағыш дәуір. 1723 жылғы әскери-гуманитарлық апаттан қазақтың

Қазақ-жоңғар соғыстарын ақтабан шұбырындыдан бастап дәуірлейтін болсақ, бірінші дәуіріне 1723 жылды алуымыз керек. Өйткені мұншалықты ауыр апат 2-3 жылға созылуы мүмкін емес. Созыла қалғанда қазақ халқы жер бетінен жоғалар еді. Мемлекеті өмір сүруін тоқтатар еді. Екінші дәуір – стратегиялық жеңілістер мен күш жинаған 1724-25 жылдар. Қазақтар Түркістан, Ташкент сияқты екі астанасынан айырылды, бірақ былтырғыдай адами және материалдық шығын келген жоқ. Қайың сауса да, есін жинады. Рубасылардың, қолбасшылардың айналасына топтаса алды. Үшінші дәуір – 1726-43 жылдар. Қазақтар әскери және дипломатиялық ірі жеңістерге қол жеткізіп, ата жауы жоңғардан басым түсе бастады. Ордабасындағы құрылтай, Аңырақай жеңісі, Ресеймен одақтасу, Абылайды тұтқынан босату – бәрі хандықтың өрлеу үстінде екенін дәйектейді. Төртінші дәуір – 1758 жылы жауды жеңумен, аймақтық тұтастықты қалпына келтірумен аяқталды. Қазақ елін Ресей, Қытай т.б. үлкенді-кішілі мемлекеттер де-юре, де-факто мойындады. Қазақ қоғамының элитасы отансүйгіш, азатшыл, интеллектуалдық әлеуетіне парасаттілікпен сүйене білгендіктен

шылығы айқын аңғартады. Бірі – Ақтанберді жырау Сарыұлы (1662-1752), екіншісі – Бұқар жырау Қалқаманұлы (1684-1782). Екеуі де қазақтың жыраулық поэзиясының көш басында тұрған үлкен дарындар. Екеуі де мемлекеттік, ұлттық деңгейге көтерілген тұлғалар. Ханның кеңесшісі, ақылгөйі, ел абыздары дәрежесінде болған тарихи қайраткерлер. Мысалы, Ақтамберді жырау:

*Жоңғардан көрген қорлығым,
Сарысу болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп Құдай тілекке, –
десе, атақты Бұқар жырау:
Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмандар жанжал, ерегіс...
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір анадан туғандай
болыңыз! – деп толғайды.*

Берекет КӘРІБАЕВ, тарих ғылымының докторы, профессор:

– Биыл «ақтабан шұбырынды» оқиғаларының басталғанына 300 жыл толып отыр. Осы қайғылы оқиғаларға қатысты мәселелердің бәрін – алғышарттары мен себептерін, барысын, қорытындысын, салдарларын зерттеп, зерделеп, ұлттық санамызға өшпестей етіп сіңіргенде ғана мұндай қайғылы жағдай болашақта қайталанбайды. Жалпы алғанда, «ақтабан шұбырынды» оқиғалары еліміздің орта мектептеріндегі «Қазақстан тарихы» пәнінің бағдарламасына енгізілген, академиялық басылымдарда біршама тәуір баяндалған. Былайша айтқанда, бұл қайғылы оқиғаға қатысты тарихи мәселелердің бәрі де түсінікті секілді.

шығуы мен ғылыми айналымға енгізілуі туралы айта кетсек.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы, әсіресе 1905-07 жылдардағы бірінші орыс революциясы қазақ зиялы қауымына қатты әсер етіп, олардың ұлттық мүдде жолында бірігуіне, ұлт мүддесі үшін қызмет етуге, ұлт мүддесі үшін күресуге алып келді. Ресейдің жоғары оқу орындарында әртүрлі мамандықтар иеленген көзі ашық қазақ азаматтары сол тұстарда Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтардың маңына топтаса бастайды. Алаш идеясымен қаруланып, ұлттық мүддені алға қойған зиялы қауым өкілдері бүкіл халықтың санасын ояту үшін, ортағасырлық артта қалушылықтан құтылу үшін күрес жолдарының бірі ретінде халықтың тарихын жазудан бастайды. Соның нәтижесінде XX ғасырдың басында тек қазақ халқының тарихына арналған бірнеше кітап жарық көреді. Солардың бірі – Абайдың немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда басылған «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты кітабы.

Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, ф.ғ.д., профессор:

– «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарын жас ұрпақтың санасына сіңіру үшін, мәңгі есте қалдыру үшін мен мынадай ұсыныс айтқым келеді: Алматы, Астана, Шымкент және т.б. ірі қалаларда, елді мекендерде ескерткіш қойылып, қазақ-жоңғар соғысы туралы көркем фильм түсіру керек.

Аманжол ҚАЛЫШ, профессор:

– Жоңғар соғысынан қалған, күні бүгінге дейін қолданыста жүрген атаулардан құтылуымыз керек. Мысалы, Ресей түптамыры түркілерден бастау алған атаулардан ел мен жерін тазартып алды. Демек, бізге де топономиканы қолға алатын кез келді. Мәселен, Семей атауының қалай пайда болғанын білесіздер, оның бізге көрегі қанша? Сол сияқты жоңғар шапқыншылығынан қалған Қобда атауы өлі жүр. Осындай сиықсыз атауларды қазақы атауға ауыстырған абзал.



Фарида Ғұсманова
1963 жылдың қысында бұрынғы Орал облысының Қаратөбе ауданы Аққозы ауылында дүниеге келді. Математикаға деген құштарлық 8-сыныпты бітірген Фариданы елдегі ауызға ілінер сол кездегі жалғыз мектеп – Орынбек Жәутіков атындағы республикалық физика-математика мектебіне жетектеп алып келеді.

Еңбекқор ұстаз бәрімізге үлгі

1980 жылы айтулы мектепті ойдағыдай тамамдаған Фариданы сол жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің математика факультетіне оқуға түседі. Студент кезінде ол түрлі математикалық үйірмелер мен кештерге қатысып, өзінің математикаға деген білімін тереңдетеді. Бос уақытының бәрі оқу залында өтеді. Жақсы оқып, мұғалімдердің көзіне түседі. Ол 1985 жылы университетті жақсы аяқтап, «математик-оқытушы» деген біліктілік алып шығады.

Фарида Равильқызының еңбек жолы Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында басталған. 1985-98 жылдар аралығында Гурьев педагогикалық университетінде оқытушы, аға оқытушы болып студенттерге информатика пәнінен сабақ берді. Бұл пән сол жылы ғана жаңа пән ретінде оқытыла бастаған болатын. 1996 жылы қолданбалы математика және кибернетика саласы бойынша қазақтың мықты ғалымы, Инженерлік академияның корреспондент-мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор Төлеухан Бияровтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғады.

1998 жылы Алматыға қайта келіп, 1998-2001 жылдары М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясында аға оқытушы, доцент, кейін инженерлік-экономикалық факультетінде деканның орынбасары қызметтерін атқарды.

Ал 2002-11 оқу жылында отбасылық жағдайымен Көкшетау қаласына қоныс аударып, Көкшетау педагогикалық университетінде доцент ретінде сабақ бере жүріп, физика-математика факультетінде деканның орынбасары болып жұмыс істеді.

2002-11 жылдар аралығында Алматы қаласында Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің физика-математика факультетінде доцент ретінде студенттерге дәріс берді және университетте шығатын «Хабаршы» журналында хатшы болды. 2011-14 жылдары Тұрар Рыс-

құлов атындағы Қазақ экономикалық университетіндегі инженерлік-экономикалық факультетінде оқытушы және декан болып қызмет істейді.

2014 жылдан бері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде доцент қызметінде ұстаздық етіп келеді. Бұған қоса, университеттегі әдістемелік кеңестің және академиялық комитеттің төрайымы.

Ғалым-ұстаз осынау еңбек жылдарының ішінде студенттерге арнап 15 оқу құралын жазды. Оның ішінде бір монография, бір оқулық бар, қалғаны оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдары. 120-дан астам қазақстандық және шетелдік журналдарда шыққан ғылыми еңбектері мен ғылыми мақалалары бар. Сонымен қатар «Скопуста» бес мақаласы жарияланған. Хирш индексі 4-ке тең.

Ұстаздың үздік танымал шәкірттері алуан мамандықтар бойынша өліміздің түкпір-түкпірінде және шет мемлекеттерде әр салада қызмет атқарады. Бүгінгі таңда шәкірттері Фарида Равильқызын үлгілі ұстаз, абыройлы азамат ретінде құрмет тұтады.

Фарида Равильқызы ұстаздықпен қатар, келін түсіріп, немере сүйіп отырған аяулы да ардақты ана. Ұлы Нұрбол ақпараттық технологиялар факультетінің түлегі. Фарида Равильқызы туыстарының, шәкірттерінің және әріптестерінің сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген өте мәдениетті және айрықша қарапайым. Қандай да бір жетістікке жетсе оған өзінің ақылы, еңбегі, білімі, парасат-пайымымен жеткен әріптесіміз бүгінде асқаралы алпыстың асуына жетті. «Алпыс – тал түс» деген жақсы сөз бар. Ендеше өмірінің тал түсіне жеткен аяулы жанға бесіні (70 жас) мен ақшамынан (80 жас) аман өтіп, құтпанында (90 жас) кездесуді жазсын деген тілек айтқымыз келеді. Отбасы аман, денсаулығы мықты болсын!

Меруерт САҚЫПБЕКОВА,
Гүлнұр ҒАЗИЗ,

Компьютерлік ғылымдар кафедрасының оқытушылары

«Пластиксіз табиғат» экологиялық сенбілігі

Соңғы уақытта елімізде тұрақты даму мақсаттары жайында жиі айтылып, оның маңыздылығы қоғамда талқыланды. Тұрақты дамудың 17 мақсаты бар. Соның 15-ші мақсаты – құрлық экожүйелерін сақтау. Экожүйені қорғау және оны қалпына келтіру – үлкен мәселе. Осы тұрақты даму мақсаттары аясында қолға алынатын шаруа аз емес.



Мәселен, қоршаған ортаны дұрыс пайдалануға жәрдемдесу, орманды оңтайлы пайдалану, шөлге айналуға қарсы күрес, жердің тозуы үдерісін тоқтату және кері бұру, биологиялық алуантүрліліктен айырылу үдерісін тоқтатуға қоғам болып күш салуымыз керек. Бұл қоршаған ортаны қалдықтардан тазарту, қалдықтарды қайта өңдеу, топырақта ыдырамайтын материалдардан жасалған заттарды тұтыну көлемін азайту немесе тоқтату, бір сөзбен айтқанда, қоршаған ортаның фаунасы мен флорасына және адамзаттың өмір сүруіне кедергі келтіретін барлық антропогендік факторлардың ықпалын азайту немесе мүлдем болдырмауға ұмтылу. Сондықтан әр адамның қоршаған табиғатты күтіп-баптап, зиянды қалдықтарды тастамай, оларды өңдейтін арнайы орындарға жеткізуі де осы аталған мақ-

саттың орындалуына үлесін қосқаны болып есептеледі.

Осы орайда, студент жастарға тұрақты даму мақсаттарын түсіндіріп, оларға экологиялық тәрбие беру мақсатында химия және химиялық технология мен медицина және денсаулық сақтау факультеттерінің 2-курс студенттеріне Бутаковқа шатқалында экологиялық сенбілік ұйымдастырылды. Сенбілік барысында студенттерге пластикалық ыдыстардың химиялық құрамы мен қасиеттері, олардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына зияны жайында айтып бердік. Пластиктен жасалған ыдыстар, түрлі бұйымдар топырақта ыдырамай, жер бетін қатты қалдықтарға толтырып жатыр әрі ол топырақ эрозиясына әкеп соқтырады. Бұл экожүйе үшін үлкен апат. Сондықтан шара мақсатының бірі – No plastic in nature, яғни «Пластиксіз табиғат» девизимен студент

жастарға пластик заттарды тұтыну мөлшерін азайту және әрбір тұтыну барысында саналы түрде ойланып, пластик ыдыстардың орнын басқа материалдан жасалған ыдыстармен алмастыруды түсіндіру болды. Сонымен қатар экологиялық сенбілікте студенттер Бутаковқа шатқалындағы қоқыстарды және қатты қалдықтарды жинап, оларды қоқыс жәшіктеріне тастады. Осы жерде айта кететін тағы бір мәселе – «Мұзтау» шағынауданында арнайы қоқыс салатын контейнерлер кездеспеді. Дегенмен алдағы уақытта бұл мәселе шешімін табыды деген сенімдеміз.

Гүлсара АҚАНОВА,
Іргелі медицина кафедрасының оқытушысы
Ақмарал ИСМАИЛОВА,
Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының аға оқытушысы

Жаңа Әлеуметтік кодекстің негізгі мақсаты мен міндеттері нақтыланды

Қазақстан Республикасының әлеуметтік заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында биыл көктемде жаңа Әлеуметтік кодексті қабылданып (2023 жылдың 1 шілдесінен күшіне енді), соның негізінде болашақта жұртшылықты әлеуметтік тұрғыда қорғаудың әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы біртектес қоғамдық қатынастарды жетілдіру және құқықтық реттеудің негізгі бағыттары мен даму жолдары айқындалды. Сондай-ақ еліміздің әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы заңнамаларды бір жүйеге кодификациялау негізінде Әлеуметтік кодекстің негізгі мақсаты мен міндеттері нақтыланды.

Анығын айтқанда, Әлеуметтік кодекстің негізгі бағыттары азаматтарды әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қауіпті біріктіретін институттардан және осы саладағы проблемаларды шешу мақсатында жаңадан құқықтық тұрғыдан реттелетін біртектес қоғамдық қатынастарды қалыптастыруы тиіс.

Әлеуметтік саясат мемлекеттің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерге, азаматтардың әл-ауқатының артуына, олардың өмірін жақсартуға, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өмір салтын жетілдіруге байланысты әлеуметтік топтар арасындағы, жалпы, қоғам мен оның мүшелері арасындағы қатынастарды реттейтін жалпы ішкі саясатының бір бөлігі болып саналады.

Әлеуметтік кодекстің негізгі мақсаты мен міндеттері: қолданыстағы әлеуметтік заңнамаларды кодификациялау және заңнамаларды біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін жүйеге келтіру, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негізгі институттарын біріктіру, әлеуметтік қамсыздандырудың қолданыстағы төленетін материалдық төлемдер мен әлеуметтік кө-

мектердің нақты түрлерін анықтау, есептеу, тағайындау және төлем мөлшерін көрсету. Тұрақты даму тұжырымдамасы БҰҰ-ның «Біздің әлемді қайта құру: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму мақсаттары саласындағы күн тәртібі» қарарындағы кедейлік пен аштықты жою, халықтың денсаулығы мен әл-ауқаты, сапалы білім беру, гендерлік теңдік, таза су және санитария, қымбат емес әрі таза энергия, лайықты жұмыс және экономикалық өсім, индустрияландыру, инновациялар мен инфрақұрылым, теңсіздікті қысқарту, қалалар мен елді мекендердің тұрақты дамуы, жауапты тұтыну және өндіріс, климаттың өзгеруімен күрес, теңіз экожүйелерін сақтау, құрлық экожүйелерін сақтау, бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар, тұрақты даму үшін серіктестік идеясына негізделген 17 мақсат жиынтығынан құралған. Осы кезеңде ТДМ 4 мақсаттарын, яғни «Сапалы білім беруді және өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз етуді» орындау барысында заң факультеті Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы бөлсенді түрде кедейшілік пен аштықты жою, халықтың денсаулығы мен амандығы, сапалы білім, гендерлік теңдік, сот әділдігі мен мықты институттардың мақсаттарына арналған көптеген кешенді іс-шараларды ұйымдастырып өткізуде.

Сәрсенғали АЛДАШЕВ,
заң ғылымының кандидаты

Ученый, педагог, наставник

Юбилей 60 лет – это время, наполненное воспоминаниями, достижениями и гордостью за проделанный путь. Именно сегодня мы хотим взглянуть на жизнь и карьеру уважаемого ученого, педагога, и коллеги – Алдашева Сарсенгали Мирзалиновича.



Алдашев С.М. родился 5 декабря 1963 года в Шалкарском районе Актюбинской области. В 1983 году поступил на юридический факультет КазГУ имени С.М.Кирова. С 1992 года является сотрудником КазНУ им. Аль-Фараби. Следующие десятилетия были наполнены интенсивным ростом карьеры от ассистента кафедры до заместителя декана юридического факультета. В 1996 году защитил кандидатскую диссертацию на тему: «Правовые проблемы пенсионного обеспечения военнослужащих и членов их семей на современном этапе».

Алдашев С.М., является автором более 70-и научных работ по проблемам трудового права, право социального обеспечения, гражданского права. Важно отметить, что Алдашев С.М. не только успешный ученый и педагог, но и активный участник в разработке и внедрении законодательных актов в области труда, что делает его преподавательскую деятельность еще более ценной, так как она базируется на практическом опыте и знании актуальных правовых вопросов. В 2006 году являлся экспертом по проекту Трудового кодекса РК в Сенате Парламента РК, который был принят в мае месяце 2007 года. Его вклад в развитие юридической науки признан как национально, так и на международной арене, так 2013 году Алдашеву С.М. было присвоено звание почетного профессора Ининского педагогического университета (КНР).

Алдашев Сарсенгали Мирзалинович остается ярким примером преданности науке и образованию. Его вклад в развитие юридической науки останется в памяти и вдохновит будущие поколения. Поздравляем с юбилеем и желаем новых ярких творческих свершений и успехов!

Методика преподавания Алда-

Кафедра гражданского права и гражданского процесса, трудового права

Путь ученого и профессионала

В преддверии 60-летнего юбилея ученого, юриста, коллеги Рыскалиева Д.У., мы хотели бы воздать должное его несравненному вкладу в области образования, науки, и общественной деятельности. Рыскалиев Даулетбай Уразгалиевич родился 8 декабря 1963 года. В 1991 году окончил КазГУ имени С.М.Кирова по специальности «Правоведение». Трудовую деятельность, с 1991 года, начал с должности ассистента кафедры трудового права и гражданского процесса КазГУ имени Кирова. Но юридическое образование — не единственное направление, в 2006 году он успешно завершил обучение по экономике в ТарГУ имени Дулати по специальности «экономика», расширив свой арсенал знаний и навыков.



шественных объединений и неправительственных организаций, в вопросах улучшения общественных процессов в трудовой сфере. В 1994 году принял непосредственное участие в создании Общественного объединения «Профессиональный союз «Парасат» работников КазНУ имени Аль-Фараби». Научная деятельность отмечена более чем 70 научными публикациями, включая те, что были опубликованы в известном издании «Scopus». Награды и сертификаты, которыми был удостоен Рыскалиев Д.У., включая медаль «10 лет Конституции РК» и государственную награду «Отличник юстиции», подчеркивают высокие достижения и признание в профессиональной области.

В свете предстоящего 60-летия Рыскалиева Даулетбая Уразгалиевича, мы выражаем глубокую признательность за его многолетний исключительный вклад в различные сферы деятельности. Его стремление к знаниям, преподавательская и активная общественная позиция делают его ярким примером для молодого поколения профессионалов. Поздравляем с юбилеем и желаем достижения новых вершин и успехов в будущем!

Безусловно, одним из самых значимых моментов в его научной карьере стала защита докторской диссертации в 2021 году. Получение степени доктора PhD по специальности «6D030100 – Юриспруденция» и «6D030200 – Международное право» стало подтверждением высокого научного статуса Рыскалиева Д.У. в академическом мире.

Рыскалиев Д.У. совмещает педагогическую деятельность с практической деятельностью, обладает практическим и профессиональным опытом работы в ранге консультанта, бизнес-тренера. Он занимал ключевые позиции в юридических отделах ведущих университетов страны. Принимает активное участие в деятельности различных об-

Выставка научных достижений кафедры

В преддверии 90-летнего юбилея КазНУ имени Аль-Фараби на кафедре уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета был открыт уголок «BOOK KazNU dating: возможность читать и делиться своей прочитанной книгой!» В этом уголке прошла выставка научных достижений кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики. Цель выставки наглядно продемонстрировать научные достижения профессорско-преподавательского состава на научном поприще. Были представлены научные работы в виде монографий, учебников, учебных пособий, а также материалы научных конференций. Выставка была ориентирована на информирование студентов о проделанной работе преподавателей.



На экспозиции были представлены результаты научных исследований по приоритетным научным направлениям кафедры: уголовного права, криминологии, уголовного процесса, криминалистики и т.д. На выставке была подчеркнута значимость профессорско-преподавательского состава кафедры для ученого обобщения результатов собственных исследований и написания научных статей. Преподаватели отметили, что труд по подготовке монографии или любого научного материала не обременяет настоящего ученого, а представляет собой

источник научного вдохновения и творчества. Обращаясь к студентам, преподаватели призвали их как можно чаще посещать читальный зал, активнее использовать в учебном процессе результаты научных исследований, при написании эссе и выпускных работ.

У студентов была уникальная возможность соприкоснуться к миру науки, обсудить особенности научных разработок своих преподавателей, получить исчерпывающие ответы на возникшие вопросы. Обучающиеся отметили, что проводимая выставка поможет

стать студенту не только высококвалифицированным специалистом в области юриспруденции, но и культурным, духовно развитым человеком. Достойное место на выставке заняли сборники научных статей международных научно-практических конференций: «Криминальные угрозы современности и стратегии антикриминальной безопасности личности, общества,

государства» (11-е Каиржановские криминологические чтения); «Концептуальные направления развития судебной и правоохранительной системы: республиканский и международно-правовой опыт» (Ежегодные Халиковские чтения); «Криминалистика и судебная экспертиза в современных условиях» (Ежегодные Джакишевские чтения); «Тенденции развития уголовной политики

в условиях глобализации» (Баймурзинские чтения), организатором которых выступает коллектив кафедры.

Выставка вызвала неподдельный интерес среди студентов, участники выставки отметили важность проводимого мероприятия, что является для них мотивацией и стимулом связать свою будущую карьеру с научной сферой. Научные исследования, проводимые преподавателями, способствуют более глубокому усвоению учебных дисциплин кафедры, а совместная работа со студентами значительно позволит расширить научный кругозор и мировоззрение студентов. Проводимая выставка позволила не только продемонстрировать научные достижения ППС кафедры, но и позволила организовать диалог со студентами, провести своего рода дискуссионную площадку и показать научную жизнь кафедры.

Асель ШАРИПОВА,
к.ю.н., доцент кафедры
уголовного права,
уголовного процесса и
криминалистики

Брейн-ринг ойыны қызықты өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 90 жыл толу мерейтойына орай, Қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасы «90 жылға – 90 іс-шара» атты іс-шаралар циклін бастады. Соның бірі – таяуда өткен «Кінәсіздік презумпциясы» тақырыбындағы брейн-ринг ойыны.



дейін сауалдарға жауап беру керек болды. 1-курс студенттеріне сұрақтарға жауап беру үшін 3-курс студенттері көмек берді.

Үшінші кезеңде командалар кінәсіздік презумпциясымен байланысты есептерді шешті. Есептер 3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен алдын ала ойластырылған қойылым түрінде өтті. Барлық команда белсенді қатысып, есептің шешімін дұрыс тапты. 1-курс студенттері тақырыпты толық игергенін көрсетіп, есепті шешу барысында өзара ұйымдасып, командалық белсенділікпен есептің мәнін түсініп, еш қиындықсыз шешті.

Соңғы, төртінші кезең командалардың дайындаған үй



тапсырмасы-тын. Үй тапсырмасында командалар кінәсіздік презумпциясы туралы видеоролик дайындап келді. Студенттер тақырып туралы видеороликте өткір мәселелерді қозғап, білімдерін тереңдеті түсті.

Ұйымдастырылған брейн-ринг студенттерге үлкен пайдасын тигізді. Интеллектуалды ойыннан студенттер жақсы әсер алып, оның қандай мақсатта өткенін түсінді.

Қымбат ТАҒАЙБЕК,
Ақерке ЖАҚЫШ,
Қылмыстық құқық,
қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика
кафедрасының
докторанттары

Бахрейнге жолдама ұтып алды

Әл-Фараби кітапханасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы Республикалық 2023-2024 жылғы маусымға арналған Huawei ICT Competition АКТ байқауының ұлттық финалы өтті. Аталған байқауда ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің студенттері желілік технологиялар мен инженерия саласындағы өз біліктіліктерін растап, Network Track трек бойынша үздік ондыққа енді.



мүмкіндігі мен әлеуетін арттыруға жол ашатынын дәлелдеді.

Байқау нәтижесінде ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің студенттер командасы Network Track бағыты бойынша үздік ондыққа еніп, желілік технологиялар және желілік инженерия саласында жоғары нәтиже көрсетті.

Бүгінде Cloud Track бағыты-

на ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері ерекше қызығушылық танытуда. Олар жарыста бірінші және екінші орындарды иеленді.

Cloud Track жеңімпаздары алдағы 18-21 желтоқсан аралығында Бахрейнде өтетін аймақтық финалға қатысады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Алматыда «Ұлы Жібек жолымен» ХІ халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесі барысында «Қазақ фотоөнері: тарих, дерек, өнер» атты фотоэнциклопедиясының тұсаукесер рәсімі өтті.

Фотоэнциклопедия жарыққа шықты



Тұсаукесер рәсімін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігі және «Дарын» баспасы ұйымдастырды.

Мақсат – қоғам санасын фото арқылы мемлекеттік мүддеге, ұлттық мұраға бұру, фотографияның шығармашылығымен және ұлттық фотоөнер тарихын жан-жақты насихаттау.

Шараға белгілі фотоөнер саласының майталмандары, бірлестік жетекшілері, ҚазҰУ-дың оқытушылары мен студенттері қатысты.

Кітап «Дарын» баспасынан 407 бет көлемінде 500 данамен жарық көрді. Онда елімізге белгілі 18 фотографтың шығармалары жинақталған. Атап айтқанда: Шәңгерей Бөкеев, Қалиғұмар Қабдешұлы, Сабыржан Құсайынов, Есімхан Орынбаев, Асылхан Жүсіптегі, Фархад Қабдықайыров, Серік Мұқышұлы, Оңғарбек Алхаров, Жеңіс Ысқабай, Тілеубек Шаяхмет, Ерлан Омаров, Думан Құрманғалиев, Бауыржан Жуасбаев, Мақсат Шағырбай, Әйгерім Бегімбет, Досжан Балабекұлы, Мейірбек Тажкуранов.

Сондай-ақ фотоэнциклопедияда Қазақстан журналистер одағының мүшесі, ҚазҰУ-дың Ақпарат және коммуникация-

лар департаментінің бас маманы Марат Жүнісбековтің еңбектері берілген.

Кітапты құрастырушылар: «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Әбдірайымұлы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы Дәурен Мақсұтханұлы бастаған қазақстандық фотоөнер мамандары. Ал редакциялаған: КСРО және Халықаралық журналистер одағының мүшесі, кәсіби фотограф Қалиғұмар Қабдешұлы, қазақ журналистикасының қайраткері, Халықаралық Жамбыл сыйлығының иегері, кәсіби фототілші Нұрманбет Қизатұлы, Еуразиялық және Қазақстандық дизайнерлер одақтарының мүшесі, суретші-дизайнер Бейсен Серікбай. Кітап мұқабасының дизайнын жасаған: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы «Дизайн» мамандығының 3-курс студенті Ұлбосын Жарылқасынова.

Шара соңында Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов бірқатар фотоөнер саласының мамандарын марапаттады.

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз
қызметі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.